Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 155-157

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Аманбекова Г.

Экологиялық мәдениет әлемдегі ұлттар мен ұлыстар үшін ортақ дүние. Сондықтан, бұл өзінің міндеттілігі және өміршеңдігі арқылы жалпы адамзаттық табиғат қорғау принциптерін ойластыруды және оны бұлжытпай ұстануды талап етеді. Ол принциптерге мыналарды жатқызамыз:

1. Табиғатпен қатынас жолының өміршеңдігі сонда, біз табиғатпен күреспеуге тиіспіз, керісінше, оның ыңғайына көшуге және оған бас июіміз керек. Өйткені, бір рет жойылған биологиялық түрлер немесе экологиялық жүйе қайтып тірілмейді. ХХ ғасырдағы қазақ рухани, әдеби ортасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған жазушы Оралхан Бөкей «Батыр екендігіңді білейін, құлаған бәйтеректі тірілтіп көрші!» - деп бекер айтпаса керек.

2. Әлемде халық санының кейінгі дәуірлерде едәуір қарқынмен өсуі мен Жер шарындағы табиғатты қорғау принциптерінің үйлеспейтіндігі жанұяны қорғауды және ұрпақтар өсімін реттеуді талап етеді. Адамдардың қазақтың мақалындағы «Жалғызым болса да, жалмауызым болмауы», «Кекті болмай, текті болуын» уағыздайтынын осы тұрғыдан қарағанда, кең ауқымды космостық талап деп атауға толық негіз бар.

3. Бей-берекетшілдік, ысырапшылдық, ашқарақ экономикалық жүйе мен табиғатты қорғау принциптерінің кері антагонистік қатынаста болатындығын мойындау. Адамзатқа қазіргі таңда ең бірінші - экологиялық экономика қажет. Өйткені, ол бір адам ғана емес тұтас халықтардың толық денсаулық экономикасына бастау бола алады. Халқымыздың «Жері байдың, елі бай» деп марапаттаған даналығы міне, осыған сайса керек.

4. Табиғат байлығын тек қана гомосапиенстің бүгінгі және болашақ ырысы деп қарау басқа ағзалар мен өсімдіктер үшін емес, адам үшін де өте қауіпті. «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызады» деген қазақ нақылының қазіргі мазмұны осы болуы шарт. Бізді аштықтан, азаптан, бодандықтан, т.с.с. құтқаратын жалғыз, «атымыз» (күш-қуат көзіміз деп ұққан абзал) - Жер Ана.

5. Өмір сүру ортамыздың - табиғаттан әр алуандылығы мен сұлулығы жекелеген пенденің ғана емес бүкіл қоғамның, ұлттың мамыражайлылығы дегенді естен шығармайық. Жер-анаға деген махаббат ең Ұлы, ең Үлкен, ең Ыстық және сатылмайтын махаббат болуы шарт. Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілген тұжырымдамалар адам мен табиғаттың шынайы үйлесуі арқылы, қоршаған ортаны бұзып-жармай, оның сыйлы қонағы болуды көздейді.

Жоғарыда келтірілген мысалдарды негізге ала отырып, қазіргі Қазақстан кеңістігінде экологиялық мәселелердің дамуын бірсыпыра анықтауға болатындай. Өткен ғасырдың орта тұсынан бастап, Шығыс Қазақстан өңірінде қырық жылдай өткізілген ядролық сынақтар тек сол аймақтың ғана емес, тұтас республиканың табиғи ортасының, сол арқылы адам ресурстарының әлсіреуіне әкеп соқтырды.

Бастауыш сыныпта экологиялық тәрбие беру негізінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың педагогикалық негіздерінде оқушыларға экологиялық, білім мен тәрбие беру бағытында сұрыпталып, мәселенің бүгінгі таңдағы жағдайы сипатталады.

Бастауыш сыныпта экологиялық тәрбие беру негізінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда мектептегі адамгершілік тәрбиенің мән-мазмұны туралы қазіргі кезде қалыптасқан көзқарастар талданады; оқушыға экологиялық тәрбие беру негізінде олардың дүниетанымын қалыптастыруда экологиялық сана ұғымының мазмұны, құрылымы және адамгершілік тәрбиесінде алар орны ашып көрсетіледі; оқушылардың адамгершілігін қалыптастыру мәселесі талданып, соның негізінде экологиялық іс-әрекет үдерісінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу теориясына сипаттама беріледі.

Бастауыш сыныптарда экологиялық тәрбие берудің негізінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың әдістемесі атты екінші бөлімінде бастауыш 4-ші сыныптарда оқушыларға дүниетану пәні мазмұндарына туған өлке және қазақ этнопедагогика материалдарын енгізуде экологиялық білім мен тәрбие берудің формалары мен әдіс-тәсілдері айқындалып, оларды іс жүзіне асыруда тежірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері шығарылып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің бастапқы күйі анықталып, мүмкіндіктері ашып көрсетіледі; экологиялық іс-әрекет үдерісінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу бойынша жүргізілген тәжірибелік-педагогикалық жұмыстардың мазмұны мен нәтижелері баяндалады.

Зерттеу болжамы: Егер, бастауыш сыныптағы балаларға берілетін экология жайындағы ұғым олардың жас ерекшелігіне сәйкес келсе, табиғат туралы ұғымдарын қабылдай білу мүмкіндіктері ескерілсе, табиғаттың адам мен қоғамға, адамның табиғат пен қоғамға тигізетін әсерін мазмұндап сипаттайтын болса, табиғатты өзгертуде адамның ақыл-ой, білімінің қажеттілігін сана-сезіміне жеткізе түсіндіретін, табиғатқа аялы көзқарасты қалыптастыратын оқу-тәрбие жүйесі жасалса, түрлі оқу формалары мен оқыту әдістері қолданылса онда тәрбие беру арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру нәтижелі болады.